ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

14.03.2019-ғы № КВГА-13-ЮЛ-С-2045-КВГА-3303 шығыс хаты

№

ШҚ «Қылыш»

Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, Сіздің 27.02.2019 жылғы мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы түскен №30173 арызыңызға, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Конкурс ұйымдастырушысы Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық ересектерге арналған туберкулезге қарсы санаториясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына, № 3021581-1 конкурсында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(әрі қарай - Қағида)* 157, 158 тармақтарына сәйкес жасалған бұзушылықтар жайлы хабарлама жіберілді.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен шаралар қабылданатын болады. Алайда, шағымда көрсетілген куәліктер тек ет және ет өнімдерінің өндірісіне және таратуына арналған. Сол себепті, ет және ет өнімдеріне қатысы жоқ тауар лоттарына шартты жеңілдіктер қолданылмайды.

Сонымен қатар, қағиданың 150 тармағына сәйкес қосымша құн салығы куәлігінің болмауы (ҚҚС) әлеуетті өнім берушіні конкурсқа жібермеуге себеп болып табылмайды.

Осыған сәйкес, шағымда көрсетілген уәждер ішінара расталды.

Осы хатпен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сот органдарына шағымдануға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Төраға орынбасары **Шайназарова Ш.**

Орын.: Бейсе С.Е.

15.03.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Тел.: 8(7172)71-76-11

Результаты согласования

15.03.2019 21:30:41: Шолатаев Д. Ж. (Управление - Центр рассмотрения жалоб) - - согласовано без замечаний

15.03.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)